

«Рауан»бөбекжай бақшасы

*Ашық ұйымдастырылған оқу қызмет
«Ауылым –алтын бесігім»*



Ересек «Нұршуақ»тобы

Тәрбиеші: Джумагазиева Г.Қ

2022 ЖЫЛ

Білім беру саласы:Қатынас

Бөлімі: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Ауылым-алтын бесігім»

Мақсаты:Балалардың туған жерге деген ыстық сезімін ояту, әр баланың елін, Отанын, ауылын қадірлеуге бағыттау. туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік сезімін

калыптастыру.Туған жердің қадір-қасиетін ұғыну, өз ойларын жүйелі түрде жеткізе білу.

Ресурстар:АКТ, «Мен ойлаймын,ойнаймын төсеніші»,ермексаз ,түрлі –түсті жіптер

Қолданылатын әдіс-тәсілдер:4 К моделі,сыни ойлау,бала үні,саралау,бақылау әдістері

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: өздерінің туған жері ,туып өскен ауылы туралы

Нені игереді: туған жер, біреу-ақ екенін,оны мәңгі сүю керектігін.

Нені біледі: қазақтың қол өнер түрлерін ,сүт өнімдерін

Жүру барысы:

2 Ой қозғау.

«Ауыл» дегеніміз не? (балалардың жауаптары)

Ауыл- қазақтың ақ бесігі.

Ауыл- адамдардың тұрағы.

Ауыл- атамекенің.

Ауылда киізүй,төрт түлік болады,ал қалада болмайды.

Сыни ойлау ,бала үні 4 к моделі

Балалар туған өлке ,ауылымыз туралы өлең жырларымызды айтайық

Менің туған ауылым,

Туған жерім, мекенім.

Өскен жерім Тасқалам,

Жарқырасын жұлдызың.

Елінде күн нұрын төккен,

Жерінде гүл жұпар сепкен,

Неткен сұлу, неткен көркем

Осы менің туған өлкем?

Алтын дәнді даласы бар,
Ақ күмістей қаласы бар,
Неткен сұлу, неткен көркем
Осы менің туған өлкем?

Бала үні 4 к моделі

Балалар біздің туған өлкеміз қалай деп аталады?

Балалар : Атырау қаласы ,Тасқала ауылы

Дұрыс айтасындар.

Бүгін біз өзіміздің туып өскен жеріміз Тасқала ауылы туралы айтамыз

Слайд арқылы балаларға Тасқала ауылының қалай құрылғанын , көрнекті жерлерін көрсету.

Балалар қазір біздер осы ауылымыздың Тасқала 1,Тасқала 2 тұрғындарының үйлеріне барамыз.Ол үшін біз екі бөлінуіміз керек.

Креативтілік ,сыни ойлау,бала үні 4 к моделі

Балалар қызыл,көк түстерді таңдайды .Олар екі түсті лабиринт жіптермен жүріп отырып екі үйге келеді .

Оларды әжелер қарсы алады.

1 отбасы: Нағима әженің үйі

2 отбасы: Сағира әженің үйі

Әжелер балаларды қарсы алып,оларға жақсы тілектер айтып,өзінің немен айналысатынын балаларға түсіндіріп,тапсырмалар береді.

Нағима әже өзі түрлі қолөнер түрлерімен айналысатынын айтып балаларға камшы өру, сырмақ құрастыру,ою-өрнектерді бастырмалау,құрақ көрпе

құрастыру,киіз құрастыру жұмыстарын көрсетеді.Балалар орындайды

Сағира әже өзі мал шарушылығымен айналысып сүт өнімдерінен түрлі тағам түрлерін жасап кәсіп жасап отырғанын түсіндіреді.

Балаларға сүт өнімдерінен түрлі тапсырмалар орындатады.Олар құрт,жент,балқаймақ жасауға тапсырма береді.

Әр топқа әжелері тапсырма жасап болғаннан кейін,сыйлық ұсынады.

Қай топ тапсырманы тез ,шапшаң орындап балабақшаға қайтады,сол топ озады.

Балалар біздер не туралы әңгімелестік? -Біздің тұратын қала қалай аталады? -

Қандай жерлерімен таныстық? **Сұрақ-жауап**

Рефлексия -Ия, дұрыс айтасындар балалар, олай болса біз бәріміз қазір ойын ойнаймыз. Ойынның аты «Туған жерге тілегің» Ендеше,балалар осы туған жерге арналған тілегімізді «арман ағашына» жапсыру арқылы білдірейік (Ойынның ережесімен таныстыру балаларды) Мақсаты : Балаларды алдын ала дайындалған тілектер жазылған түрлі түсті жүрекшелерді әуен ырғағымен жүріп, «арман ағашына» жапсырту арқылы туған жерге деген құрметке тәрбиелеу.

Жарайсындар балалар ендеше осы тілегіміз орындалсын .

